

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 1311 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Қушпін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 мамырдағы N 556 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 785 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестерінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 1311 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңесі туралы үлгі ережеде:

мәтінде "Комиссия", "Комиссияның", "Комиссиямен", "Комиссияны" деген сөздер тиісінше "Агенттік", "Агенттіктің", "Агенттікпен", "Агенттікті" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия)" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі ( бұдан әрі - Агенттік)" деген сөздермен ауыстырылсын, "үйлестіретін" деген сөзден кейін ", бақылайтын және тексеретін" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

1 ) т а р м а қ ш а д а :

"мен ұйымдар" деген сөздер алынып тасталсын;

"(бұдан әрі - мемлекеттік органдар)" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада "Комиссияның" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның және" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша алынып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"7" деген сан алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Кеңес мүшелерінің саны тақ болуға және 7 адамнан кем болмауға тиіс."; екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысымен" деген сөздер "Агенттік төрағасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "төрағасының" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

б) тармақшадағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "Агенттіктің" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Кеңестің жұмыс органы өз құзыреті шегінде Кеңес төрағасының өкімімен тексерулер жүргізеді, осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген адамдарға қатысты тәртіптік істерді қарау үшін материалдар дайындайды және Кеңес алдында тұрған міндеттерді қамтамасыз ету үшін өзге де функцияларды жүзеге асырады." ;

9-тармақтағы "С (С-1, С-2, С-3 санаттарының, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар, олардың ведомстволарының қызметшілерінен басқа), D және E санаттары топтарының" деген сөздер "орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті сот кеңселерінің (басшылар мен олардың орынбасарларынан басқа), жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10-тармақ "Комиссияның" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның және" деген сөздермен толықтырылсын;

11 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "үш апта" деген сөздер "екі аптаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеңестің отырысында тәртіптік істі қарағанға дейін оның хатшылығымен алдын-ала бір айға дейінгі мерзімде іске қатысты мән-жайлар мен мәліметтер зерделенетін тексеру жүргізіледі, тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдардан жазбаша түсініктемелер талап етіледі, ал Кеңестің отырысында тәртіптік істі қарау, әдетте, олардың қатысуымен өтеді." ;

12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдардың басшыларына осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген адамдарға тиісті тәртіптік жаза қолдануды

Ұ с ы н а д ы ; " ;

14-тармақтағы "сотқа" деген сөз алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК